Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі
Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің
Шымкент қаласы бойынша аумақтық инспекциясының
сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау қорытындысының
талдамалық анықтамасы

Шымкент қаласы **«14» шілде 2026 жыл**

Талдау жүргізу нысаны: Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Шымкент қаласы бойынша аумақтық инспекциясының (әрі қарай – Инспекция) және оның құрылымдық бөлімшелерінің қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілді.

Талдау жүргізу мерзімі: «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы» 2026 жылғы 27 сәуірдегі № 25 бұйрығына сәйкес 01.05.2025-31.05.2026жж. аралыққа талдау жүргізіп, Инспекция басшысына ұсыну.

Ішкі талдау объектісінің қызметіне әсер ететін нормативтік құқықтық актілер мен құжаттар:

Қазақстан Республикасының Конституциясы;

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ҚР Заңы;

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитеті төрағасымен бекітілген «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Шымкент қаласы бойынша аумақтық инспекциясының ережесі»;

Қазақтан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №152 Жарлығымен бекітілген мемлекеттік қызметшілерге тәртіптік жаза қолдану қағидалары;

«Ветеринария туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 21 мамырдағы № 7-1/453 бұйрығымен бекітілген «Ветеринариялық құжаттарды беру қағидаларын және олардың бланкілеріне қойылатын талаптарды бекіту туралы» қағидалары;

«Тиісті аумақтағы эпизоотиялық жағдайды бағалауды ескере отырып, орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілердің экспортына, импортына және транзитіне рұқсат беру туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 9 желтоқсандағы № 16-04/647 бұйрығы;

"Кедендік одақта ветеринариялық-санитариялық шаралар қолдану туралы" Кедендік одақ комиссиясының 2010 жылғы 18 маусымдағы № 317 шешімі;

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 23 қаңтардағы № 7-1/37 бұйрығымен бекітілген «Жануарлар өсіруді, жануарларды, жануарлардан алынатын өнім мен шикізатты дайындауды (союды), сақтауды, қайта өңдеуді және өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектілеріне, сондай-ақ ветеринариялық препараттарды, жемшөп пен жемшөп қоспаларын өндіру, сақтау және өткізу жөніндегі ұйымдарға есептік нөмірлер беру» қағидалары;

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің 2014 жылғы 30 маусымдағы «Жануарлардың аса қауіпті ауруларына қарсы ветеринариялық іс шараларды жоспарлау және өткізу қағидаларын бекіту туралы» №16-07/332 бұйрық.

"Орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілердің және биологиялық материалдың сынамаларын алу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 сәуірдегі № 7-1/393 бұйрығы;

«Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізілімін бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің м.а. 2020 жылғы 31 қаңтардағы № 39/НҚ бұйрығы;

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы №687 бұйрығы;

ҚР 01.07.2024 жылғы «Мемлекеттік сатып алу туралы» №106VIII Заңдарын басшылыққа алып орындайды.

- тәртіптік тәжірибе туралы ақпараттар;
- айыппұл жұмыстарының мәліметтер;
- мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы ақпараттар;
- мемлекеттік сатып алу мәліметтер.

Штат құрамы: 35 бірлік.

1. Басшылық (инспекция басшысы – 1, инспекция басшысының орынбасары -1)

2. Әкімшілік және қаржылық қамтамасыз ету бөлімі - 4 (бөлім басшысы – 1, бас маман-заңгер – 1, құжаттармен қамтамасыз ету жөніндегі бас маманы – 1, бас маман-есепші – 1.

3. Шекара мен көліктегі мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау бөлімі-12 (бөлім басшысы – 1, бас мамандар –9 , жетекші маман-2.

4. Тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі бөлімі-10 (бөлім басшысы – 1, бас мамандар – 6, жетекші мамандар –3) (1 жетекші маман уақытша бос орын).

5. Биологиялық қауіпсіздік бөлімі -7 (бөлім басшысы – 1, бас мамандар – 4, жетекші мамандар –2.

Әкімшілік және қаржылық қамтамасыз ету бөлімі Персоналды басқару қызметі бойынша (01.05.2025-31.05.2026 жж.)

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетіне есептер және Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Шымкент қаласы бойынша департаментіне сұраныс бойынша ақпараттар мен есептер уақытылы тапсырылды.

«E-kyzmet» ықпалдастырылған ақпараттық жүйесіндегі мемлекеттік қызметшілер туралы ақпараттар (еңбек кітапшалары,қызметтік тізімдері, БСН, өмірбаяндар жаңартылып, ЖСН, неке қию уақыттары, грамоталары, біліктілігін көтеру сертификаттары, әскери шендері, отбасы құрамы) толық енгізілді.

Мемлекеттік қызметшілерді даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру бойынша 2025 жылы 1 жетекші маман «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметіне алғаш кірген мемлекеттік қызметшілерді қайта даярлау курсынан өтті (8-26 қыркүйек 2025ж.)

Біліктілік арттыру курстарынан 2025 жылы: «Ең алдымен – адамдар: мемлекеттік қызметтердің сапасын арттырудың практикалық құралдары» тақырыбында біліктілігін арттыру курстарынан - 2 маман мамыр, қазан айларында, «Е-өтініш: азаматтардың өтініштерімен жұмыс және өңдеудің бірыңғай платформасы» тақырыбына - 1 маман маусым айында өтті.

2026 жылы сәуір айында «Бюрократиядан арылу және мемлекеттік қызметтер сапасын арттыру» тақырыбына 3 маман, «Ең алдымен – адамдар: мемлекеттік қызметтердің сапасын арттырудың практикалық құралдары» тақырыбына маусым айында 1 бас маман өтті.

Мемлекеттік қызмет өтілін есептеу комиссиясы, Тәртіптік комиссиясы, Тәлімгерлер кеңесі құрамы бекітілген. Қызметкерлердің жұмыс уақыты табелін қалыптастыру және бақылау жұмыстары жүргізіледі.

Инспекция қызметкерлерімен мемлекеттік кіріс органдарына табыстары мен мүліктері жайлы декларация мерзімінде тапсырылды.

01.05.2025-31.05.2026 жылдар аралығында
лауазымынан босатылғандар:

1) Шекара мен көліктегі мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау бөлімінің бас маманы Бакытжан Абжанович Канаев, зейнет жасына толуына байланысты 12.05.2025 жылы босатылды.

2) Тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі бөлімінің басшысы Бауржан Оразович Саржанов, зейнет жасына толуына байланысты 11.08.2025 жылы босатылды.

3) Шекара мен көліктегі мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау бөлімінің бас маманы Мейрамкул Тулеуовна Коптлеуова, басқа қалаға қоныс аударуына байланысты 14.08.2025 жылы босатылды;

4) Шекара мен көліктегі мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау бөлімінің жетекші маманы Жұлдыз Ержанқызы Аман денсаулық жағдайына және басқа қалаға көшуіне байланысты 01.10.2025 жылы босатылды.

5) Әкімшілік және қаржылық қамтамасыз ету бөлімінің бас маманы Жадыра Абдиманаповна Тапиева, өз өтініші бойынша 16.02.2026 жылы босатылды.

6) Биологиялық қауіпсіздік бөлімінің жетекші маманы Талғат Оспанұлы Медетов, өз өтініші бойынша 27.02.2026 жылы босатылды.

01.05.2025-31.05.2026 жылдар аралығында
жұмысқа қабылданғандар:

2025 жылы Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2017 жылғы 21 ақпандағы №40 бұйрығымен бекітілген «Б» корпусының әкімшілік мемлекеттік лауазымына орналасуға арналған конкурсты өткізу Қағидаларына сәйкес, ҚР АШМ Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің жалпы конкурстық комиссиясының шешіміне сәйкес:

1) Ділназ Толқынқызы Абдукалик, Биологиялық қауіпсіздік бөлімінің жетекші маманы бос орынға (06.05.2025ж) қабылданып, арнайы тексеру нәтижелеріне сәйкес лауазымға тағайындалды (04.08.2025ж.).

2) Бауыржан Исмагулович Бейсенов, Әкімшілік және қаржылық қамтамасыз ету бөлімінің бас маман-заңгері бос орынға (15.07.2025) қабылданып арнайы тексеру нәтижелеріне сәйкес лауазымға тағайындалды (10.10.2025ж.).

2026 жылы ҚР АШМ Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Ішкі конкурстық комиссиясының шешіміне сәйкес:

3) Әкімшілік және қаржылық қамтамасыз ету бөлімінің бас маманы бос лауазымға Каныбек Джандарбекович Абдуллаев тағайындалды (02.04.2026ж)

4) Шекара мен көліктегі мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау бөлімінің жетекші мамандары бос лауазымдарына жалпы конкурс нәтижесімен:

1) Әбдрашит Әсем Қуанышбекқызы (04.05.2026ж);

2) Түймебаев Төрежан Жанұзақұлы (04.05.2026ж.) ;

5) Биологиялық қауіпсіздік бөлімінің жетекші маманы бос лауазымына:

Мақсат Бағланханұлы Мұстафаев ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шымкент қаласы бойынша департаментінің арнайы тексеру нәтижелеріне алғанға дейін қабылданды (05.05.2026ж.).

Тәртіптік жауапкершілік пен әдеп кодексінің нормаларын сақтау бойынша (01.05.2025-31.05.2026 жж.)

1) Өзіне жүктелген қызметтік міндеттерін тиісті дәрежеде атқармағаны үшін, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі ішкі мемлекеттік аудит комитетінің Шымкент қаласы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментінің Аудиторлық қорытындының Ұсынымы ***(19.06.2025 ж №06-09/1660)*** негізінде Әкімшілік және қаржылық қамтамасыз ету бөлімінің бас маманы Д.Айдарбековаға – Инспекция басшысы бұйрығымен бекітілген лауазымдық нұсқаулығында атқаратын функциялары бола тұра бас есепші функциясы жүктеліп үстемеақы тағайындалғаны анықталып, өзіне жүктелген қызметтік міндеттерін тиісті дәрежеде атқармағаны түрдегі тәртіптік теріс қылық жасағаны үшін, Әкімшілік және қаржылық қамтамасыз ету бөлімінің басшысы Гульнар Сыргабаевна Нуртаеваға Инспекцияның 24.06.2025 жылғы № 04-07/42 бұйрығымен ескерту түріндегі тәртіптік жаза қолданылды.

2) Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің Шымкент қаласы бойынша Департаментінің хаты ***(31.07.2025ж № 2-22004-25-02062)*** негізінде, ҚР Кәсіпкерлік кодексінің 146-бабы, 1 тармағының талаптарын сақтамау 2024 жылғы және 2025 жылдың өткен мерзімінде жоспардан тыс тексеру нәтижесі бойынша кейбір актілерде таныстыру күндері қойылмаған, өзіне жүктелген қызметтік міндеттерін тиісті дәрежеде атқармағаны түрдегі тәртіптік теріс қылық жасағаны үшін, Биологиялық қауіпсіздік бөлімінің бас маманы Байсын Серікұлы Мүсілімханға Инспекцияның 04.08.2025 жылғы № 04-07/59-ж/қ бұйрығымен ескерту түріндегі тәртіптік жаза қолданылды.

3) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің 2025 жылғы 24 қыркүйектегі №17-02-09/2955-И хатымен жолданған Шымкент көлік прокуратурасының ***(12.09.2025ж № 2-1924-25-00927)*** заңдылықтың бұзылуын жою туралы Ұсынуына сәйкес, «Еуразиялық экономикалық одақ Комиссиясының 18.06.2010 жылғы № 317 «Еуразиялық

экономикалық одақтағы ветеринариялық шараларды қолдану туралы» шешімінің, Қзақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 14.04.2021 жылғы № 121 Қағидасының талаптарын сақтамағаны және өзіне жүктелген қызметтік міндеттерін тиісті дәрежеде атқармағаны түрдегі тәртіптік теріс қылық жасағаны үшін, Шекара мен көліктегі мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау бөлімінің бас маманы Айнур Бегжановна Арстанбаеваға Инспекцияның 10.10.2025 жылғы № 04-07/85-ж/қ бұйрығымен сөгіс түріндегі тәртіптік жаза қолданылды.

4) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің 2025 жылғы 24 қыркүйектегі №17-02-09/2955-И хатымен жолданған Шымкент көлік прокуратурасының ***(12.09.2025ж № 2-1924-25-00927)*** заңдылықтың бұзылуын жою туралы Ұсынуына сәйкес, «Еуразиялық экономикалық одақ Комиссиясының 18.06.2010 жылғы № 317 «Еуразиялық экономикалық одақтағы ветеринариялық шараларды қолдану туралы» шешімінің, Қзақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 14.04.2021 жылғы № 121 Қағидасының талаптарын сақтамағаны және өзіне жүктелген қызметтік міндеттерін тиісті дәрежеде атқармағаны түрдегі тәртіптік теріс қылық жасағаны үшін, Шекара мен көліктегі мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау бөлімінің бас маманы Дина Меирхановна Смайыловаға Инспекцияның 10.10.2025 жылғы № 04-07/86-ж/қ бұйрығымен сөгіс түріндегі тәртіптік жаза қолданылды.

5) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің 2025 жылғы 24 қыркүйектегі №17-02-09/2955-И хатымен жолданған Шымкент көлік прокуратурасының ***(12.09.2025ж № 2-1924-25-00927)*** заңдылықтың бұзылуын жою туралы Ұсынуына сәйкес, заң бұзушылықтарға жол бергені, бөлімдегі жұмыстардың орындауына тиісті бақылау жүргізбегені және өзіне жүктелген қызметтік міндеттерін тиісті дәрежеде атқармағаны түрдегі тәртіптік теріс қылық жасағаны үшін, Шекара мен көліктегі мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау бөлімінің басшысы Әбдіразақ Әбдірахманұлы Елбергенге Инспекцияның 10.10.2025 жылғы № 04-07/87-ж/қ бұйрығымен сөгіс түріндегі тәртіптік жаза қолданылды.

6) Шымкент қаласы прокуратурасының ***(24.09.2025ж № 2-40-25-12001)*** заңдылықтың бұзылуын жою туралы Ұсынуына сәйкес, ҚР «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексінің талаптары бұзылғандығын және Әкімшілік құқық бұзушылық істері бойынша ҚР Бас Прокурорының м.а. 2020 жылғы 10 шілдедегі № 85 бұйрымен бекітілген «Әкімшілік іс жүргізулердің бірыңғай тізілімін жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қағида талаптарын сақтамағаны және көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің мерзімдерін бұзып, бөлімдегі жұмыстардың орындалуына тиісті бақылау жүргізбегені және жүктелген қызметтік міндеттерін тиісті дәрежеде атқармағаны түрдегі тәртіптік теріс қылық жасағаны үшін, Биологиялық қауіпсіздік бөлімінің басшысы Сырым Аскерұлы Карабекке Инспекцияның 17.10.2025 жылғы №04-07/89-ж/қ бұйрығымен сөгіс түріндегі тәртіптік жаза қолданылды.

7) Шымкент қаласы прокуратурасының ***(24.09.2025ж № 2-40-25-12001)*** заңдылықтың бұзылуын жою туралы Ұсынуына сәйкес, ҚР «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексінің талаптары бұзылғандығын және Әкімшілік құқық бұзушылық істері бойынша ҚР Бас Прокурорының м.а. 2020 жылғы 10 шілдедегі № 85

бұйрымен бекітілген «Әкімшілік іс жүргізулердің бірыңғай тізілімін жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қағида талаптарын сақтамағаны, бөлімдегі жұмыстардың орындалуына тиісті бақылау жүргізбегені және жүктелген қызметтік міндеттерін тиісті дәрежеде атқармағаны түрдегі тәртіптік теріс қылық жасағаны үшін, Тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі бөлімінің басшысы Абдикас Орынбасарович Есалиевке Инспекцияның 17.10.2025 жылғы №04-07/90-ж/қ бұйрығымен сөгіс түріндегі тәртіптік жаза қолданылды.

8) Шымкент қаласы прокуратурасының ***(24.09.2025ж № 2-40-25-12001)*** заңдылықтың бұзылуын жою туралы Ұсынуына сәйкес, ҚР «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексінің талаптары бұзылғандығын және Әкімшілік құқық бұзушылық істері бойынша ҚР Бас Прокурорының м.а. 2020 жылғы 10 шілдедегі № 85 бұйрымен бекітілген «Әкімшілік іс жүргізулердің бірыңғай тізілімін жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қағида талаптарын сақтамағаны және өзіне жүктелген қызметтік міндеттерін тиісті дәрежеде атқармағаны түрдегі тәртіптік теріс қылық жасағаны үшін, Тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі бөлімінің бас маманы Жалгасбек Саруарович Тусекеевке Инспекцияның 17.10.2025 жылғы №04-07/91-ж/қ бұйрығымен сөгіс түріндегі тәртіптік жаза қолданылды.

2026 жылы:

9) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің хаты ***(22.01.2026ж № 17-11-06/146-И)*** негізінде, Шымкент қаласы бойынша аумақтық инспекциясына келіп түскен *(ЖТ-2025-02713696, ЖТ-2025-01670189/1, ЖТ-2025-02699197, ЖТ-2025-03324809/3, ЖТ-2025-03854327, ЖТ-2025-00562385/3)* санды өтініштерін тіркеу барысында жолданымдар тілін айқын көрсетпей, өзіне жүктелген қызметтік міндеттерін тиісті дәрежеде атқармаған түрдегі тәртіптік теріс қылық жасағаны үшін, Әкімшілік және қаржылық қамтамасыз ету бөлімінің құжаттармен қамтамасыз ету жөніндегі бас маманы Жадыра Абдиманаповна Тапиеваға Инспекцияның 23.01.2026 жылғы № 04-07/06-ж/қ бұйрығымен ескерту түріндегі тәртіптік жаза қолданылды.

10) Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Шымкент қаласы бойынша департаментінің (***23.02.2026 жылғы №-04/283-И)*** хаты негізінде Қазақстан Рсепубликасы Президентінің 29.12.2015 жылғы №152 Жарлығымен бекітілген Мемлекеттік қызметшілерге тәртіптік жаза қолдану қағидаларының 27-тармағының талаптары сақталмауы себепті, 2026 жылғы 24 ақпаннан бастап Инспекция басшысының 2025 жылғы 4 желтоқсандағы № 04-07/104-ж/қ «Тәртіптік жаза қолдану туралы» бұйрығының күші жойылды ***(2026 жылғы 24 ақпандағы №04-07/22-ж/қ бұйрығы)***

11) Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің Шымкент қаласы бойынша Департаментінің хаты ***(18.03.2026ж № 2-22004-26-00662)*** негізінде, Тәртіптік іс жүргізуді қозғау туралы қаулысына сәйкес, Б.Р.Адасхановтың жолданымы бойынша адамның өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаға елеулі зиян келтіру, жеке және заңды тұлғалардың мүдделерін бұзу фактілерін қамтитын дәлелдемелерді толық ұсынбай, қызметтік міндеттеріне салғырт қарап, қолданыстағы заңдарды білмеу салдарынан орын алған түрдегі тәртіптік теріс қылық жасағаны үшін, Биологиялық қауіпсіздік бөлімінің бас

маманы Айман Амангелдиевна Искаковаға Инспекцияның 02.04.2026 жылғы № 04-07/30-ж/қ бұйрығымен ескерту түріндегі тәртіптік жаза қолданылды.

12) Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Шымкент қаласы бойынша департаментінің хаты ***(27.04.2026ж № -03/630-И)*** негізінде, көрсетілген талдау нәтижесі мен ұсыныс бойынша және Шымкент қаласы прокуратурасы Қаратау ауданы прокуратурасының заңдылықтың бұзылуын жою туралы Ұсынуы ***(08.05.2026ж № 2-12-26-01050)*** негізінде, көрсетілген заң бұзушылықтарға жол бергені, бөлімдегі жұмыстардың орындалуына тиісті бақылау жүргізбегені және өзіне жүктелген қызметтік міндеттерін тиісті дәрежеде атқармағаны түрдегі тәртіптік теріс қылық жасағаны үшін Биологиялық қауіпсіздік бөлімінің басшысы Сырым Аскерұлы Карабекке Инспекцияның 15.05.2026 жылғы №04-07/38-ж/қ бұйрығымен сөгіс түріндегі тәртіптік жаза қолданылды.

Шымкент қаласы бойынша аумақтық инспекциясы басшысының 2026 жылғы 8 қаңтардағы № 04 бұйрығымен Әдеп жөніндегі уәкілі инспекция басшысының орынбасары Алмас Асылханович Иргебаев бекітілген.

Тәртіптік жазаны алу бойынша: (01.05.2025-31.05.2026 жж.)

1) Инспекцияның биологиялық қауіпсіздік бөлімінің басшысы С.Карабектің ұсынысы негізінде Биологиялық қауіпсіздік бөлімінің жетекші маманы Талғат оспанұлы Медетовтен (***2025 жылғы 3 сәуірдегі №04-07/20-ж/қ бұйрығымен қолданылған «ескерту» түріндегі тәртіптік жазасы***), ҚР «Мемлекеттік қызметі туралы» Заңының 44-бабы, 3 тармағының 3) тармақшасына сәйкес, мерзімінен бұрын (***2025 жылғы 10 шілдедегі №04-07/48-ж/қ бұйрығы***);

2) Инспекцияның биологиялық қауіпсіздік бөлімінің басшысы С.Карабектің ұсынысы негізінде Биологиялық қауіпсіздік бөлімінің жетекші маманы Байсын Серікұлы Мүсілімханнан (***31.03.2025 жылғы № 04-07/17-ж/қ бұйрығымен қолданылған «ескерту» түріндегі тәртіптік жазасы***), ҚР «Мемлекеттік қызметі туралы» Заңының 44-бабы, 3 тармағының 3) тармақшасына сәйкес, мерзімінен бұрын (***2025 жылғы 10 шілдедегі №04-07/78-ж/қ бұйрығы***);

3) Шекара мен көліктегі мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау бөлімінің басшысы Ә.Елбергеннің ұсынысы негізінде Шекара мен көліктегі мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау бөлімінің жетекші маманы (***04.04.2025 жылғы № 04-07/21-ж/қ бұйрығымен қолданылған «ескерту» түріндегі тәртіптік жазасы***) ҚР «Мемлекеттік қызметі туралы» Заңының 44-бабы, 3 тармағының 3) тармақшасына сәйкес, мерзімінен бұрын (***2025 жылғы 10 шілдедегі №04-07/50-ж/қ бұйрығы***);

4) Инспекция басшысының орынбасары, Әдеп жөніндегі уәкілі А.Иргебаевтың ұсынысы негізінде Әкімшілік және қаржылық қамтамасыз ету бөлімінің басшысы Гулнар Сыргабаевна Нуртаевадан (***24.06.2025 жылғы № 04-07/42-ж/қ бұйрығымен қолданылған «ескерту» түріндегі тәртіптік жазасы***) ҚР «Мемлекеттік қызметі туралы» Заңының 44-бабы, 3 тармағының 3) тармақшасына сәйкес, мерзімінен бұрын (***2025 жылғы 6 қазан №04-07/84-ж/қ бұйрығы***);

5) Инспекцияның биологиялық қауіпсіздік бөлімінің басшысы С.Карабектің ұсынысы негізінде Биологиялық қауіпсіздік бөлімінің жетекші маманы Байсын

Серікұлы Мүсілімханнан (***04.08.2025 жылғы № 04-07/59-ж/қ бұйрығымен қолданылған «ескерту» түріндегі тәртіптік жазасы***), ҚР «Мемлекеттік қызметі туралы» Заңының 44-бабы, 3 тармағының 3) тармақшасына сәйкес, мерзімінен бұрын (***2025 жылғы 17 қарашадағы №04-07/101-ж/қ бұйрығы***);

2026 жылы:

6) Инспекция басшысының орынбасары, Әдеп жөніндегі уәкілі А.Иргебаевтың ұсынысы негізінде Шекара мен көліктегі мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау бөлімінің басшысы Әбдіразақ Әбдірахманұлы Елбергеннен (***10.10.2025 жылғы № 04-07/87-ж/қ бұйрығымен қолданылған «сөгіс» түріндегі тәртіптік жазасы***), ҚР «Мемлекеттік қызметі туралы» Заңының 44-бабы, 3 тармағының 2) тармақшасына сәйкес, мерзімінен бұрын (***2026 жылғы 15 қаңтардағы №04-07/3-ж/қ бұйрығы***);

7) Әкімшілік және қаржылық қамтамасыз ету бөлімінің басшысы Г.Нуртаеваның ұсынысы, Шымкент қаласы бойынша аумақтық инспекциясының Тәртіптік комиссия отырысының 2026 жылғы 16 ақпандағы №1 хаттамасы негізінде Биологиялық қауіпсіздік бөлімінің басшысы Сырым Аскерұлы Карабектен (***17.10.2025 жылғы № 04-07/89-ж/қ бұйрығымен қолданылған «сөгіс» түріндегі тәртіптік жазасы***), ҚР «Мемлекеттік қызметі туралы» Заңының 44-бабы, 3 тармағының 2) тармақшасына сәйкес, мерзімінен бұрын (***2026 жылғы 17 ақпандағы №04-07/15-ж/қ бұйрығы***);

8) Әкімшілік және қаржылық қамтамасыз ету бөлімінің басшысы Г.Нуртаеваның ұсынысы, Шымкент қаласы бойынша аумақтық инспекциясының Тәртіптік комиссия отырысының 2026 жылғы 16 ақпандағы №1 хаттамасы негізінде Тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі бөлімінің басшысы Абдикас Орынбасарович Есалиевтен (***17.10.2025 жылғы № 04-07/90-ж/қ бұйрығымен қолданылған «сөгіс» түріндегі тәртіптік жазасы***), ҚР «Мемлекеттік қызметі туралы» Заңының 44-бабы, 3 тармағының 2) тармақшасына сәйкес, мерзімінен бұрын (***2026 жылғы 17 ақпандағы №04-07/16-ж/қ бұйрығы***);

9) Тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі бөлімінің басшысы А.Есалиевтің ұсынысы, Шымкент қаласы бойынша аумақтық инспекциясының Тәртіптік комиссия отырысының 2026 жылғы 16 ақпандағы №1 хаттамасы негізінде Тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі бөлімінің бас маманы Жалгасбек Саруарович Тусекеевтен (***17.10.2025 жылғы № 04-07/91-ж/қ бұйрығымен қолданылған «сөгіс» түріндегі тәртіптік жазасы***), ҚР «Мемлекеттік қызметі туралы» Заңының 44-бабы, 3 тармағының 2) тармақшасына сәйкес, мерзімінен бұрын (***2026 жылғы 17 ақпандағы №04-07/17-ж/қ бұйрығы***);

10) Шекара мен көліктегі мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау бөлімінің басшысы Ә.Елбергеннің ұсынысы, Шымкент қаласы бойынша аумақтық инспекциясының Тәртіптік комиссия отырысының 2026 жылғы 16 ақпандағы №1 хаттамасы негізінде Шекара мен көліктегі мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау бөлімінің бас маманы Дина Меирхановна Смайыловадан (***10.10.2025 жылғы № 04-07/86-ж/қ бұйрығымен қолданылған «сөгіс» түріндегі тәртіптік жазасы***), ҚР «Мемлекеттік қызметі туралы» Заңының 44-бабы, 3 тармағының 2) тармақшасына сәйкес, мерзімінен бұрын (***2026 жылғы 17 ақпандағы №04-07/18-ж/қ бұйрығы***);

11) Шекара мен көліктегі мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау бөлім басшысының м.а. А.Е.Сайлаубектің ұсынысы, Шымкент қаласы бойынша аумақтық инспекциясының Тәртіптік комиссия отырысының 2026 жылғы 4 наурыздағы №2 хаттамасы негізінде Шекара мен көліктегі мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау бөлімінің бас маманы Айнур Бегжановна Арстанбаевадан (***10.10.2025 жылғы № 04-07/85-ж/қ бұйрығымен қолданылған «сөгіс» түріндегі тәртіптік жазасы***), ҚР «Мемлекеттік қызметі туралы» Заңының 44-бабы, 3 тармағының 2) тармақшасына сәйкес, мерзімінен бұрын (***2026 жылғы 4 наурыздағы №04-07/24-ж/қ бұйрығы***) тәртіптік шаралары алынды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша
(01.05.2025-31.05.2026 жж.)

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және оның алдын алу бойынша 2026 жылға арналған жұмыс жоспары және әкімшілік мемлекеттік қызметшілердің құқықтық санасын қалыптастыру, сыбайлас жемқорлық көріністеріне нөлдік төзімділік қағидатын қызметкерлердің санасында нығайту мақсатында, жалпыға бірдей құқықтық оқыту жоспарлары бекітілген.

Сыбайлас жемқорлық фактілерін болдырмау және алдын алу мақсатында «Facebook» әлеуметтік желісі арқылы мемлекеттік қызмет көрсету және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл іс-шаралары бойынша түсіндіру жұмыстары - 59 рет, (***2026 жыл 1 мамырға дейінгі жағдайы-18, 01.05.2025-31.12.2025 жылы-41***) жалпыға бірдей құқықтық оқытулар - 12 (***2025 жыл 1 мамырға дейінгі жағдайы-4, 01.05.2025-31.12.2025 жылы-8***), бұқаралық ақпарат құралдары – 4 (***2025 жыл 1 мамырға дейінгі жағдай -1, 01.05.2025-31.12.2025 жылы-7***), дөңгелек үстел - 1 рет өткізілді.

Құжаттармен қамтамасыз ету бойынша (01.05.2025-31.05.2026 жж.)

Электрондық құжат айналымының біріңғай жүйесіне 1931 (***01.01.2026-31.05.2026 жылы-681 кіріс, 01.05.2025-31.12.2025жылы-1250 кіріс***) кіріс құжаттары келіп түсіп, құжаттарды уақтылы тіркеп, тиісті жауапты маманға жолданып, орындалуы қадағаланып, уақтылы жауап берілген. 799 (***01.01.2026-31.05.2026 жылы-308 шығыс, 01.05.2025-31.12.2025 жылы-491 шығыс***) шығыс құжаттары мемлекеттік тілде рәсімделді.

2026 жылдың 5 айында 210 жеке және заңды тұлғалардың өтініштері келіп түсіп, оның 89 дубликат, уақытында есепке алынып, оның 121 мемлекеттік органда қаралып өтініштерге жауапты мамандар белгіленген уақытында жауап берді. Қалған жеке және заңды тұлғалардың өтініштері құзіретіне қарай тиісті мекемелерге жолданып отыруы уақтылы қадағаланды. 2025 жылдың 8 айында 225 жеке және заңды тұлғалардың өтініштері келіп түсіп, оның 79 дубликат, уақытында есепке алынып, оның 146 мемлекеттік органда қаралып өтініштерге жауапты мамандар белгіленген уақытында жауап берді. Қалған жеке және заңды тұлғалардың өтініштері құзіретіне қарай тиісті мекемелерге жолданып отыруы уақтылы қадағаланды.

Е-өтініш электрондық жолданымдар ақпараттық жүйесіне есепке алып және есебін уәкілетті органдарға өткізілді.

Жеке және заңды тұлғалардың жолданымдары (өтініштері мен шағымдары), «Цифлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасына сәйкес бірыңғай ақпараттық «Е-Өтініш» бағдарламалық жүйесінде толығымен жүргізілді.

Мекемеде мемлекеттік қызметшілердің мемлекеттік тілді қолдануды жүзеге асыруда. Белгіленген параметрге байланысты шығыс құжаттарды 100% (пайыз) мемлекеттік тілде ұсынуы қадағаланып отырады.

Бюджеттік бағдарламалар бойынша
бөлінген қаражаттар туралы (01.05.2025-31.05.2026 жж.)

001 «Ауыл шаруашылығы, табиғатты пайдалану және жер ресурстарын пайдалану саласындағы жоспарлау, реттеу, басқару» бағдарламасы бойынша 2025 жылдың 8 айлыққа бөлінген қаражат соммасы 113 879,9 мың теңге. 2025 жылдың 8 айлыққа бөлінген қаржыландыру жоспарының 108,4 мың теңгесі жалақы фонды, 1561,6 мың теңге жанар-жағар май шығыстары, 2202,5 мың теңге – басқада қорларды сатып алуға, өзге де қызметтер мен жұмыстарға ақы төлеуге қаралған қаражат, 6918,9 мың теңге – коммуналдық шығыстарға арналған соммалар, байланыс қызметіне бөлінген сома 733,4 мың теңгені құрайды.

385,0 мың теңге – бірнеше қызметкерлер ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясында РМҚК оқу бағдарламасына сәйкес оқу курсынан өтті.

001 «Ауыл шаруашылығы, табиғатты пайдалану және жер ресурстарын пайдалану саласындағы жоспарлау, реттеу, басқару» бағдарламасы бойынша 2026 жылдың 5 айлыққа бөлінген қаражат соммасы 134 630,3 мың теңге. 2026 жылдың 5 айлыққа бөлінген қаржыландыру жоспарының 21207,5 мың теңгесі жалақы фонды, 6000,0 мың теңге – коммуналдық шығыстарға арналған соммалар, байланыс қызметіне бөлінген сомма 370,0 мың теңгені құрайды.

Қаржылардың игерілуі бойынша:

Есептік мерзімге бөлінген қаражат соммасы 113 879,9 мың теңгені құраса, осы мерзімде игерілген қаражат соммасы 113 879,9 мың теңгені құрап, қаражатты игеру пайызы – 100 % болды.

Материалдық техникалық жабдықталу бойынша:

Шымкент қаласы бойынша аумақтық инспекциясының мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторлары жұмыс барысында орын алған бұзушылықтарға оперативті әкімшілік хаттамаларды толтыруға 6 сенсорлық планшетпен, 18 видеорегистратормен, 2 стилуспен, хаттаманы шығаруға арналған термопринтерлермен жабдықталған.

ҚР Бас прокуратурасы құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің Шымкент қаласы бойынша басқармасының ММ хатының негізінде, бухгалтерлік қызметімен әкімшілік хаттамаларды толтыруға арналған VPN каналдарын алуға мемлекеттік сатып алу рәсімдері өткізілді. Ветеринариялық-санитариялық инспекторлар әкімшілік хаттамаларды оперативті толтыруда.

Инспекцияның мемлекеттік мекемесі теңгерімінде 01.05.2025 жылға тіркелген құндылықтар:

Ғимарат – 1 дана, бастапқы құны -31468,6 мың теңге

Автокөлік - 3 бірлік, оның ішінде:

2 Chevrolet Cobalt 2021ж., 1 Hyundai Tucson 2024ж.

2021 жылы 8 желтоқсанда Комитеттен қабылдау – тапсыру актісінің негізінде Инспекцияның балансына 2 автокөлік Chevrolet Cobalt 2021ж. алынды.

2024жылғы 20 қыркүйекте Комитеттен қабылдау – тапсыру актісінің негізінде Инспекцияның балансына Hyundai Tucson 2024ж. алынды.

Компьютерлер саны -35 бірлік, принтерлер саны – 15 бірлік.

Барлық негізгі қорлар мақсатты пайдаланылуда.

Бухгалтерлік есептілік:

Инспекцияда бухгалтерлік есеп және есептілік автоматтандырылған түрде 1С платформасында «Бюджет» конфигурациясы арқылы орталықтандырылған бақылауда жүргізіледі, қаржылық қамтамасыз ету және мемлекеттік сатып алу бөлімінің бухгалтерлік есептілігі ҚР «Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы» Заңына және ҚР Қаржы министрінің 2010 жылғы 3 тамыздағы № 393 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепке алуды жүргізу» Қағидаларына сәйкес жүргізілуде.

Мемлекеттік сатып алуды жүргізу бойынша:

Мемлекеттік сатып алу бойынша есептік кезенде 51 келісім шарт түзілді, орындалған келісім шарттар бойынша Заңда белгіленген мерзімде тиісті есептер Веб-порталға уақытылы еңгізілуде және де Веб-порталда жүргізілетін камералдық бақылау бойынша инспекцияның жұмысына сын ескертпелер түспеген.

Сатып алу жұмыстары бойынша ақпарат: Инспекцияның бухгалтерлік және мемлекеттік сатып алу есебі ҚР 04.12.2015 жылғы «Мемлекеттік сатып алу туралы» №434V Заңына, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығына сәйкес жүргізіліп отыр. Мемлекеттік сатып алу бойынша ақпарат 2025 жылға жоспарға сәйкес ҚҚС-сыз бекітілген 18 631,2 мың теңге .

Мемлекеттік сатып алу бойынша ақпарат 2026 жылға жоспарға сәйкес ҚҚС-сыз бекітілген 20 608,7 мың теңге.

Талдау жүргізу барысында анықталғаны:

- Талдау жүргізу барысында анықталғаны: мемлекеттік қызметшілер арасында жақын туыстарымен және жұбайымен (зайыбымен), сондай-ақ, жекжаттарымен тікелей бағыныста атқаратын лауазымдар орын алмаған. Мемлекеттік функцияларды орындаумен сыйыспайтын қызметтерді жүзеге асыру, қызметтік өкілеттіктерін орындауына байланысты сыйлықтар қабылдау, лауазымын асыра пайдалану фактілері орын алмаған.

- 01.05.2025-31.05.2026 жж. аралығында Шымкент қаласы бойынша аумақтық инспекциясында мемлекеттік қызметшілер арасында сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылық және мемлекеттік қызметтің беделіне нұқсан келтіретін теріс қылықтар анықталған жоқ.

- Мемлекеттік сатып алу бойынша жұмыстарды жүргізу барысында тікелей қарым-қатынас болмағандықтан, сыбайлас жемқорлықтың тәуекелі байқалмайды. 2024 жылдың 31 желтоқсанына қаржылар 100% (пайыз) игерілді. Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 4 желтоқсандағы № 540 бұйрығына, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 24 қарашадағы № 511 бұйрығына, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2017 жылғы 1 тамыздағы № 468

бұйрығына, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 3 тамыздағы N 393 бұйрығына және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2011 жылғы 22 тамыздағы № 423 бұйрығына сәйкес жүргізіліп отыр.

-Барлық келіп түскен кіріс хаттарға және өтініштерге сапалы, уақытылы жауап берілген.

-Ішкі құжаттар жүргізу айналымы мемлекеттік тілде және керек болған жағдайда орыс тілінде жүргізілген.

Тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі бөлімі бойынша (01.05.2025-31.05.2026 жж.)

ҚР АШМ Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің «2025 жылғы тамақ қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік мониторингтің жоспарын бекіту туралы» 2024 жылғы 23 желтоқсандағы № 460 бұйрығына сәйкес, ҚР АШМ ВБжҚК Ұлттық референттік орталығына 2025 жылдың 8 ай қорытындысы бойынша 512 ІҚМ еті, 73 жылқы еті, 156 уақ мал еті, 20 құс еті, 4 жұмыртқа, 6 сүт сынама жолданды.

Ал, ҚР АШМ Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің «2026 жылғы тамақ қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік мониторингтің жоспарын бекіту туралы» 2026 жылғы 22 қаңтардағы № 21/нқ бұйрығына сәйкес, ҚР АШМ ВБжҚК Ұлттық референттік орталығына 2026 жылдың 5 ай қорытындысы бойынша 287 ІҚМ еті, 67 жылқы еті, 87 уақ мал еті, 9 құс еті, 5 жұмыртқа, 7 сүт сынама жолданды.

Қала аумағында орналасқан мал сою пунктінде 2025 жылдың 8 ай қорытындысы бойынша 1072 бас ІҚМ, 10 344 бас уақ мал, 229 бас жылқы сойылды. 2026 жылдың 4 ай қорытындысы бойынша 560 бас ІҚМ, 139 бас уақ мал, 57 бас жылқы сойылды.

Ішкі сауда объектілеріндегі (базарлардағы) жануарлардан алынатын ет және басқа тамақ өнімдерінің ветеринариялық-санитариялық сараптамасы бойынша қаралды. 2025 жылдың мамыр айынан 2025 жылдың желтоқсан айы аралығында ірі қара мал – 11 824 кг, шошқалар – 4608 кг, ұсақ малдар – 10 555 кг, жануарлардың басқа түрлері – 3105 кг, сүт және сүт өнімдері – 2481 кг топ, 100052 литр, жұмыртқа – 1586 топ, 744552 дана, басқа тамақ өнімдері – 836, 4215 кг. Утильдеуге ірі қара мал – 338,3 кг, шошқалар – 72 кг, қойлар мен ешкілер – 238,5 кг, жануарлардың басқа түрлері – 338 кг.

Ішкі сауда объектілеріндегі (базарлардағы) жануарлардан алынатын ет және басқа тамақ өнімдерінің ветеринариялық-санитариялық сараптамасы бойынша қаралды 2026 жылдың қаңтар айынан 2026 жылдың мамыр айына дейін (сараптама өткізілді) Ірі қара мал – 2900 кг, шошқалар – 2663 кг, ұсақ малдар – 8061 кг, жануарлардың басқа түрлері – 177 кг, сүт және сүт өнімдері – 1927 кг топ, 32 160 литр, жұмыртқа – 804 топ, 305 395 дана, басқа тамақ өнімдері – 1406 кг. Зертханалық зерттеулер өткізілді: Ірі қара мал – 11 600 кг, шошқалар –13 306 кг, ұсақ малдар – 32 254 кг, жануарлардың басқа түрлері –708 кг, сүт және сүт өнімдері – 12 390 кг топ, 1670,99 литр, жұмыртқа – 804 топ, 305 395 дана, басқа тамақ өнімдері – 1406, 1648 кг. Эхинококкоз ірі қара мал – 196,2 кг, жылқылар – 182 кг, шошқалар – 25 кг, қойлар мен ешкілер – 132,1 кг. Утильдеуге ірі қара мал – 236,9 кг, жылқылар – 320 кг, шошқалар – 37 кг, қойлар мен ешкілер – 223,3 кг.

Ішкі сауда объектілеріне тұрақты түрде жүргізілген бақылау және қадағалау жұмыстары барысында ветеринариялық-санитариялық талаптардың сақталмау жағдайы бойынша аумақтық инспекцияның мамандарымен 2025 жылдың 8 ай қорытындысы бойынша 27 (жиырма жеті) жеке және заңды тұлғаға әкімшілік жаза қолданылып айыппұл 1 199 260 тг салынды. Атап айтқанда, 8-Орталық қырғы базарға, 3-Жабық ішкі сауда объектісіне, 6-Алаш сауда орталығына, 1 -Акбар базарына, 7 – Айна базарына, 1- Самала базарына ветеринариялық-санитариялық талаптары сақталмағаны үшін жеке және заңды тұлғаларға әкімшілік хаттама түзіліп Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің 406-бап, 1-тармақ, 2)тармақшасына сәйкес хаттама толтырылды. 2026 жылдың 4 ай қорытындысы бойынша 18 (он сегіз) жеке және заңды тұлғаға әкімшілік жаза қолданылып айыппұл 951 500 тг салынды. Атап айтқанда, 4-Орталық қырғы базарға, 5 - Айна ішкі сауда объектісіне, 1-Жабық ішкі сауда объектісіне, 6 - Алаш сауда орталығына, 2 – Самал базарына ветеринариялық-санитариялық талаптары сақталмағаны үшін жеке және заңды тұлғаларға әкімшілік хаттама түзіліп Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің 406-бабы, 1 тармағы, 2) тармақшасына сәйкес хаттама толтырылды.

Тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі бөліміне келіп түскен арыз-шағымдар бойынша 2025 жылдың 8 ай қорытындысы бойынша 2 жеке тұлғаға ҚР ӘҚБТК-нің 406- бабы, 1 тармағы, 4) тармақшасы және 2) тармақшасына сәйкес 196 600 тг айыппұл салынды. 2026 жылдың 4 ай қорытындысы бойынша 1 жеке тұлғаға ҚР ӘҚБТК-нің 406-бабы, 1 тармағы, 2) тармақшасына сәйкес 43 250 тг айыппұл салынды.

2025 жылдың мамыр айынан жыл соңына дейін инспекцияға 22 тұлғаға қатысты әкімшілік іс құжат келіп, жалпы соммасы 1 258 240 теңге айыппұл салынды.

2026 жылдың басынан бастап 5 айдың қорытындысы бойынша 9 тұлғаға қатысты әкімшілік іс құжат келіп, жалпы соммасы 713 625 теңге айыппұл салынды.

Бөлімнің қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу барысында анықталғаны: Ішкі сауда объектілеріне келіп түсетін ауыл шаруашылығы жануарларынан алынатын өнімдер *(ет өнімдері)* сатылым алдында, өнім туралы деректері қамтылатын Vetlab жүйесіне енгізілуі тиіс. Ветеринариялық-санитариялық инспектор өнімдердің жай-күйін сонымен қатар аталған жүйе арқылы ілеспе құжаттарын тексеріп, талапқа сәйкес келген жағдайда Vetlab жүйесі арқылы растап, QR-коды бейнеленген өнімдерді сауда нүктелеріне жіберіп, сатуға рұқсат беруді іске асырады.

Биологиялық қауіпсіздік бөлімі бойынша (01.05.2025-31.05.2026 жж.)

Шымкент қаласы бойынша 2025 жылы **1 бас ІҚМ, 7 бас уақ мал (ешкі)**, бруцеллез ауруына «оң» нәтиже берген. Осыған байланысты ҚР АШМ 2013 жылғы 22 шілдедегі №16-07/333 бұйрығының 9-қосымшасына сәйкес «Ауру жануарларды санитариялық тазалау, санитариялық сою туралы» 6 нұсқама, 1-қосымшасына сәйкес «ҚР Ветеринария саласындағы талаптарының бұзылуын жою туралы» 6 нұсқама, 3-қосымшасына сәйкес,«Жануарлар ауруларының пайда болуын, таралуын болғызбау және оларды жою үшін жануарларға профилактикалық немесе мәжбүрлі түрде вакцина егу, індет ошақтарындағы мал шаруашылығы қора-жайларында және олардың

аумақтарында, қолайсыз пункттерде, көлікте дезинфекция, дезинсекция және дератизация жүргізу туралы» 6 нұсқама берілді.

2025 жылы Шымкент қаласы бойынша ҚР АШМ ВБжҚК «РВЗ» ШЖҚ РМК ОҚӨФ на күдікті ретінде – 22 сынама өткізіліп, алдын-ала хабарлама ҚР АШМ ВБжҚК-не жолданды. Оның ішінде 5 ошақта (2 бас ит, 2 бас мысық, 2 бас атжалман (хомяк)) құтыру аурына «оң» нәтиже көрсетті. Ошақта залалсыздандыру жұмыстары толықтай жүргізілді.

Жануарлардың аса қауіпті ауруларының алдын алу мақсатында 2025 жылға 10 түрлі аса қауіпті ауруға қарсы *(құтыру, аусыл, сібір жарасы, эхинококкоз, қарасан, брадзот, туберкулез, маңқа, нодулярлы дерматит, құстардың тұмауына)* 1 190 162 вакцинация жоспарланып 31.12.2025 жылға 100% орындалды. 31.12.2025 жылғы *АШЖБ дерек қорына енгізілгені 99,7%* құрады.

227 793 диагностикалық зерттеулер жүргізу жоспарланған 31.12.2025 жылға 227 793 бас орындалды 100% тиісті іс-шаралар жүргізілді *(бруцеллез, жұқпалы эпидидимит, аусыл иммунитет тұрақтылығы, аусыл құрылымсыз ақуыз, құтыру, сібір жасасы ПТР)*.

Ветеринариялық профилактикалық-диагностикалық іс-шараларды камералдық бақылау АШЖБ дерекқор базасы арқылы жүргізіледі.

2025 жылы Биологиялық қауіпсіздік бөліміне жеке және заңды тұлғалардан жалпы 182 арыз-шағым келіп түсті. Ауыл шаруашылығы жануарларынан шығатын ерекше иісі бойыша 87 арыз-шағымы 48% пайызды құрайды (27 жолданымға ҚР Кәсіпкерлік кодексінің 144 бабына сәйкес жоспардан тыс бақылау және қадағалау жұмыстары жүргізіліп, ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің 406-бабына сәйкес жалпы жеке және заңды тұлғаларға 27 әкімшілік хаттама толтырылып, 1 071 470 теңге айыппұл салынды және 22 ескерту берілді).

Ветеринариялық-санитариялық талаптарды сақтамағаны бойынша ҚР ӘҚБтК 406-бабына сәйкес жалпы жеке және заңды тұлғаларға биологиялық қауіпсіздік бөлімі жалпы **115 әкімшілік хаттама толтырылып**, көлемі **4 187 580 тг** айыппұл салынды.

Көрсетілетін мемлекеттік қызмет бойынша 2025 жылы ветеринариялық-санитариялық қорытындыға жеке және заңды тұлғалардан ветеринариялық-санитариялық қорытынды – 222 өтініш келіп түсті, 83 уәжді бас тартылды, 139 Ветеринариялық-санитариялық қорытынды рәсімделді. Есептік нөмер - 129 өтініш келіп түсті, 10 уәжді бас тартылды, 119 объектіге есептік нөмер рәсімделді

Шымкент қаласы бойынша аумақтық инспекция, 2025 жылы ҚР Кәсіпкерлік кодексінің 144-бабы, 5 тармағының 1) тармақшасына сәйкес, «ҚР Бас прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің Шымкент қаласы бойынша департаменті» мемлекеттік мекемесінің 10.06.2025 жылғы №25790000015020l2/00012 Қаулысы сәйкес, Шымкент қаласының «Ветеринариялық қызмет» ШЖҚ МКК-нің қызметіндегі кемшіліктерді жою мақсатында жоспарлы тексеру жүргізіліп, жүргізілген тексеру жұмыстарының қорытындысы негізінде, 10.07.2025 жылға дейінгі анықталған бұзушылықтарды жою үшін 30.06.2025 жылғы № 12 бұзушылықтарды жою туралы нұсқама берілді. ҚР Кәсіпкерлік кодексінің 144-бабы, 5 тармағының 2) тармақшасына сәйкес, «ҚР Бас прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің Шымкент қаласы бойынша

департаментінің 16.07.2025 жылғы №25790000001502012/00020 Қаулысына сәйкес, жоспардан тыс тексеру жүргізіліп, ҚР ветеринария саласындағы заңнамасының өрескел бұзушылықтары анықталып, ҚР «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексінің 406-бабы, 15 тармағымен 6 бекет меңгерушілеріне 150 АЕК, 11 тармағымен 3 бекет меңгерушілеріне 75 АЕК айыппұл салынды.

2026 жылы Шымкент қаласы бойынша **1 бас ІҚМ, 13 бас уақ мал** (ешкі), бруцеллез ауруына «оң» нәтиже берген. Осыған байланысты ҚР АШМ 2013 жылғы 22 шілдедегі №16-07/333 бұйрығының 9-қосымшасына сәйкес «Ауру жануарларды санитариялық тазалау, санитариялық сою туралы» 3 нұсқама, 1-қосымшасына сәйкес «ҚР Ветеринария саласындағы талаптарының бұзылуын жою туралы» 3 нұсқама, 3-қосымшасына сәйкес,«Жануарлар ауруларының пайда болуын, таралуын болғызбау және оларды жою үшін жануарларға профилактикалық немесе мәжбүрлі түрде вакцина егу, індет ошақтарындағы мал шаруашылығы қора-жайларында және олардың аумақтарында, қолайсыз пункттерде, көлікте дезинфекция, дезинсекция және дератизация жүргізу туралы» 3 нұсқама берілді.

2026 жылы Шымкент қаласы бойынша ҚР АШМ ВБжҚК «РВЗ» ШЖҚ РМК ОҚӨФ на күдікті ретінде – 8 сынама өткізіліп, алдын-ала хабарлама ҚР АШМ ВБжҚК-не жолданды. Зерттеу нәтижесілері «теріс».

2026 жылға 10 түрлі аса қауіпті ауруға қарсы *(құтыру, аусыл, сібір жарасы, эхинококкоз, қарасан, брадзот, туберкулез, маңқа, нодулярлы дерматит, құстардың тұмауына)* 1 213 936 вакцинация жоспарланып 30.05.2026 жылға 65% орындалды. 30.05.2026 жылғы *АШЖБ дерек қорына енгізілгені 75%* құрады.

217 524 диагностикалық зерттеулер жүргізу жоспарланған 30.05.2026 жылға 81 009 бас орындалды 37% тиісті іс-шаралар жүргізілді. Диагностикалық зерттеулерді жүргізу үшін биологиялық материалдың ілеспе құжаттары қазіргі таңда қағаз түрінде және «VetLab» модульмен жүргізілуде.

2026 жылы Биологиялық қауіпсіздік бөліміне жеке және заңды тұлғалардан жалпы 49 арыз-шағым келіп түсті. Ауыл шаруашылығы жануарларынан шығатын ерекше иісі бойыша 33 арыз-шағымы 67% пайызды құрайды. (16 жолданымға ҚР Кәсіпкерлік кодексінің 144-бабына сәйкес жоспардан тыс бақылау және қадағалау жұмыстары жүргізіліп, ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің 406-бабына сәйкес жалпы жеке және заңды тұлғаларға 30 әкімшілік хаттама толтырылып, 1 102 875 теңге айыппұл салынды және 13 ескерту берілді).

2026 жылы ветеринариялық-санитариялық қорытындыға жеке және заңды тұлғалардан 86 өтініш келіп түсіп оның 36 өтінішке уәжді бас тартылды, 57 ветеринариялық-санитариялық қорытынды рәсімделді. Есептік нөмер алуға 35 өтініш жеке және заңды тұлғалардан келіп түсіп оның 2 уәжді бас тартылды, 33 есептік нөмер рәсімделді.

2026 жылы Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексінің 144-бабы, 5-тармағының 1) тармақшасына сәйкес, «Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің Шымкент қаласы бойынша департаментінің 04.06.2026 жылғы № 26790000001502012/00021 Қаулысына сәйкес, Шымкент қаласының «Ветеринариялық қызмет» ШЖҚ МКК-не жоспарлы тексеру жүргізіліп, жүргізілген тексеру жұмыстарының қорытындысы негізінде,

08.07.2026 жылға дейінгі анықталған бұзушылықтарды жою үшін 19.06.2026 жылғы №19 бұзушылықтарды жою туралы нұсқама берілді.

Шекара мен көліктегі мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау бөлімі бойынша (01.05.2025-31.05.2026 жж.)

Ветеринария саласында мемлекеттік көрсетілетін қызметтер:

«Ветеринариялық құжаттарды беру қағидаларын және олардың бланкілеріне қойылатын талаптарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 21 мамырдағы № 7-1/453 бұйрығымен бекітілген және "Тиісті аумақтағы эпизоотиялық жағдайды бағалауды ескере отырып, орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілердің экспортына, импортына және транзитіне рұқсат беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 9 желтоқсандағы № 16-04/647 бұйрығына сәйкес жүргізілген, аталған бөлім мемлекеттік қызметтердің 2 (екі) түрін көрсетеді.

Атап айтқанда:

1) Экспорттау кезінде орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерге ветеринариялық сертификат беру;

2) Тиісті аумақтағы эпизоотиялық жағдайды бағалауды ескере отырып, орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілердің экспортына, импортына және транзитіне рұқсат алуға тиісті өтініштерді қабылдап, ЕАСУ-ға тіркейді (рұқсатты ҚР Бас мемветсанинспекторы н/е оның орынбасары береді).

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмау мақсатында жеке және заңды тұлғалардан өтінімдерін барынша электронды түрде "электрондық үкіметтің" www.egov.kz веб-порталы арқылы жолдау талап етіледі. Алайда, «Электрондық үкімет» веб-порталы «ЕАСУ» АЖ –мен интеграцияланбаған.

Осы мақсатта жеке және заңды тұлғалардың өтінімдерін қабылдау бөлмесінде инспекцияда интернет қосылған компьютер қойылып, кәсіпкерлерге өтінімдерін www.egov.kz веб-порталы арқылы жолдауға көмек беріледі. Өтінімдерді жазбаша түрде берілуінің себебі көбіне ЕАСУ бағдарламасының істен шығуы болып табылады және аталған екі жүйенің интеграцияланбағаны.

2025 жылдың 8-айында:

Жеке және заңды тұлғалардан ветеринариялық сертификат алуға 1486 өтінім түскен, оған 1486 ветеринариялық сертификат берілген, оның ішінде кері қайтарылған өтініш жоқ. Сертификат беру кезінде заңнама талаптарын бұзушылықтар анықталмаған.

Жеке және заңды тұлғалардан орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілердің экспортына, импортына және транзитіне Комитетпен рұқсат беруге тиісті 556 өтініштер қабылданып рәсімделген, 538 рұқсат беріліп, 18 өтініш уәжді кері қайтарылған.

2026 жылдың 5-айында:

Жеке және заңды тұлғалардан ветеринариялық сертификат алуға 937 өтінім түскен, оған 937 ветеринариялық сертификат берілген, оның ішінде кері қайтарылған өтініш жоқ. Сертификат беру кезінде заңнама талаптарын бұзушылықтар анықталмаған.

Жеке және заңды тұлғалардан орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілердің экспортына, импортына және транзитіне Комитетпен рұқсат беруге тиісті 287 өтініштер қабылданып рәсімделген, 279 рұқсат беріліп, уәжді кері қайтарылған 8 өтініш тіркелген.

Талдау жүргізу барысында анықталғаны:

Мемлекеттік көрсетілген қызметтерді талдау барысында мерзімі бұзылған қызметтер жоқ.

Бас тарту себептері: экспорттаушы елдің індеттік ахуалының қолайсыз болуы, өз еркімен бас тарту, баратын бағытында шекарада өтетін пункттің дұрыс көрсетілмеуі.

Көрсетілетін екі мемлекеттік қызмет бойынша:

Экспорттау кезінде орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерге ветеринариялық сертификатты (бұдан әрі – ветеринариялық сертификат) «Ветеринария туралы» Заңның 16-бабы, 3 тармағының 3) тармақшасына және 4 тармағының 2) тармақшасына сәйкес республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың Бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторы және оның орынбасарлары, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, ауданның, облыстық маңызы бар қалалардың Бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторы және оның орынбасары бекіткен тізім негізінде мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторлар (бұдан әрі – инспектор) береді.

Қызмет көрсету процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ өзге де мәліметтерді қамтитын ветеринариялық сертификатты алуға қойылатын негізгі талаптардың тізбесі осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес "Экспорттау кезінде орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерге ветеринариялық сертификат беру" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінде (бұдан әрі – № 1-қосымша) келтірілген.

Ветеринариялық сертификат немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден уәжді бас тарту, Қағиданың 9-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, өтініш түскен сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде беріледі.

Талаптар тізбесіне сәйкес қызмет түрі жартылай автоматтандырылған және баламалы түрде көрсетіледі. Оның себебі, «Электрондық үкімет» веб-порталы «ЕАСУ» АЖ –мен интеграцияланбаған.

Осы жағдай бойынша, ветеринариялық сертификат беру қызметін көрсетуге өтінішті және тізімге сәйкес құжаттарды қабылдау тікелей көрсетілетін қызметті беруші мен алушының арасындағы қарым қатынастың болуына алып келеді.

Ветеринариялық сертификат беру мемлекеттік қызметін электрондық форматқа өткізуге мүмкіндік жоқ, себебі тиісті іс-шараларды жүргізу үшін инспектор тікелей барып бақылау жұмыстарын жүргізіп, арнайы түрлі-түсті қорғанышы бар бланктегі ветеринариялық сертификатты береді.

Сонымен қатар, Қағидалардың 5 тарауына сәйкес, ветеринариялық құжаттардың бланкілері қатаң есептілік құжаттары болып табылады және белгіленген, Еуразиялық экономикалық одақтың ветеринариялық сертификатының бланкілері Кедендік одақ Комиссиясының 2010 жылғы 18 қарашадағы № 455 шешімімен бекітілген талаптарға сәйкес келуі тиіс.

Сондай-ақ, бөлімнің инспекторлары мемлекеттік қызмет көрсетеді. Мәселен, Кәсіпкер бір ғана мал азығын (жем) экспорт жасауы үшін, одан тиісті сынама алуға Инспекцияға өтініш береді, инспектор сол нысанға барып, тиісті Қағидаларға сай жемнен сынама алып, облыстық ветеринариялық зертханаға тапсырады. Нәтижесі анықталғаннан кейін Инспекцияға экспортқа шығару үшін кәсіпкер өтініш жазады, инспектор оны жан-жақты, індеттік ахуалды т.б. ескеріп, қарап, ЕАСУ бағдарламасы (жүйеде жиі іркіліс (сбой)) бойынша Комитеттен тиісті рұқсат алуға өтінішті рәсімдейді. Рұқсат алынғаннан кейін, Кәсіпкер ветеринариялық сертификат алуға Инспекцияға өтініш тапсырады. Инспектор жемді артатын көліктің жуылғанын барып тексеріп, жемнің көлемін, авто-вагон нөмірлерін т.б. салыстырып, қарайды. Тапсырылған құжаттар топтамасының заңдылығын, толықтығын тексеріп, ЕАСУ бағдарламасы бойынша ветсертификатты рәсімдейді. Күніне бір инспектор 5-6 кәсіпкердің бірнеше көліктеріне (10-15) тиісті қарау бақылау жүргізеді. Бұл тек экспорт бойынша. Бұдан басқа осы қағидаға сай импортталған жүктердің тиісті рәсіміне қатысады. Әр нысанға барып – келуде 30-40 км шақырым жер жүреді. Осы жұмыстарды күнделікті 8 сағаттық жұмыс уақытында үлгере алмай, артық жұмыс жасауға, сол кәсіпкердің көлігімен нысанға баруға мәжбүр, яғни «сыбайлас қатынас». Себебі, бөлімде бір ғана автокөлік бар, бұл жеткіліксіз. Бөлімге кемінде 4 арнайы автокөлік қажет.

Талдау жүргізу барысында анықталғаны: Көрсетілетін екі мемлекеттік қызмет бойынша: «Ветеринариялық құжаттарды беру қағидаларын және олардың бланкілеріне қойылатын талаптарды бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 21 мамырдағы № 7-1/453 бұйрығына, "Кедендік одақта ветеринариялық-санитариялық шаралар қолдану туралы" Кедендік одақ комиссиясының 2010 жылғы 18 маусымдағы № 317 шешіміне сәйкес жүргізілген.

Ветеринариялық сертификат су, қорғаныш белгісі бар арнайы қағазда шығарылатынын және инспектормен бақылау жұмыс жүргізілуі оның электронды форматта берілуіне мүмкіндік жоқ екенін көрсетеді.

Жыл басынан мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету бойынша шағымдар түспеген.

Анықталған тәуекелдер:

1. Құзыретінде бақылау және қадағалау болып табылатын ветеринариялық-санитариялық инспектор, аталған жүйе арқылы өнімдерді өздігінше рәсімдеп (қабылдап), істі жеңілдету мақсатында жеке немесе заңды тұлғалармен келісу арқылы сыбайлас жемқорлық тәуекелін жоғарылату мүмкін.

2. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері мемлекеттік қызметтерді көрсету, ветеринариялық-санитариялық қорытынды, есептік номер беру кезінде инспектордың нысанға барып тексеру барысында пайда болуы мүмкін.

3. Ветеринария саласында мемлекеттік қызметтер көрсетуде (ветеринариялық сертификат пен экспорт, импортқа тиісті рұқсат беру), көрсетілетін қызметті алушы мен беруші арасындағы тікелей қарым-қатынас болғандықтан сыбайлас жемқорлық тәуекелінің дәрежесі жоғары.

Ұсынымдар:

1. Сыбайлас жемқорлық тәуекелділігінің алдын-алу мақсатында, тамақ өнімдерінің қауіпсіздігін бақылау және қадағалау үшін, «VetLab» жүйесі арқылы өнімдерді қабылдауды, ішкі сауда объектілеріндегі ветеринариялық-санитариялық сараптама зертханаларының құзыреттілігіне өткізу;

2. Ротация жүйесі: Сыбайлас жемқорлық қаупі жоғары лауазымдағы тұлғаларды (инспектор, кеденшілер сатып алу мамандары) әр 2-3 жыл сайын міндетті түрде басқа өңірге немесе бөлімге ауыстыру;

3. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмау мақсатында мамандардың нысандарға барып тиісті мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау мен қадағалауды жүргізулерін ветеринария саласына қатысты тиісті құқықтық актілерге өзгерістер енгізуді ұсынамыз.

Жұмыс тобы:

Инспекция басшысы А.Пәрдебекұлы

Инспекция басшысының орынбасары А.А.Иргебаев

Әкімшілік және қаржылық қамтамасыз ету бөлімінің басшысы Г.С.Нуртаева

Әкімшілік және қаржылық қамтамасыз ету бөлімінің бас маман – заңгері Б.И.Бейсенов

Тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі бөлімінің басшысы А.О.Есалиев

Биологиялық қауіпсіздік бөлімінің басшысы С.А.Карабек

Шекара мен көліктегі мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау бөлімінің басшысы Ә.Ә.Елберген

«Жаңару» Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жалпыұлттық қозғалысы» РҚБ –нің Шымкент қаласы және Түркістан облысы бойынша филиалының директоры К.Б.Досалиев